

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 42 (894) 30 қыркүйек 2022 жыл

[facebook.com/tainsha.tany](https://www.facebook.com/tainsha.tany)



<http://tainshatany.kz>



[tainsha\\_tan@list.ru](mailto:tainsha_tan@list.ru)

## ТАЙЫНША АУДАНЫНА ЖАҢА ӘКІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Ауданның әкімі болып Әлжанов Берік Ақылжанұлы тағайындалды



Ауданның жаңа басшысын Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов таныстырды. Берік Ақылжанұлының кандидатурасын аудандық мәслихат депутаттары кезектен тыс сессияда қолдады.

– Әлжанов Берік Ақылжанұлы 1976 жылы 11 наурызда Ленин ауданының Чириковка ауылда дүниеге келген. 1983-1993 жылдары Чириков орта мектебін бітірген. Екі жоғары білімі бар: 1993-1998 жылдары мал дәрігері мамандығы бойынша С. Сейфуллин атындағы Аграрлық университетті бітірген; 2011-2013 жж. «Көкше» қаржы академиясын тамамдаған. Берік Ақылжанұлы 20 жылдан астам ветеринария саласында қызмет атқарды. Қарапайым мал дәрігерінен бастап, басқарма басшысына дейін өскен Берік Ақылжанұлының тәжірибесі мол, кәсіби жағынан өз ісінің мықты маманы болып табылады, – деді аудандық мәслихат сессиясына қатынасқан облыс әкімі.





Жалғасы. Басы 1-бетте.

Депутаттар қолдауынан кейін облыс әкімінің қатысуымен аудан әкімдігінің жаңа әкіммен кездесуі өтті. Кездесуге аудан көлеміндегі барлық мекеме басшылары мен қала және ауыл әкімдері қатысты.

Осы жұмыс сапарында облыс әкімі Құмар Ақсақалов Қарағаш ауылында болып, тұрғындармен ашық, еркін кездесу өткізді. Құмар Іргебайұлы жиналғандарды өңірдің 8 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерімен, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысымен таныстырды. Абай ауылдық округіне төрт елді-мекен қарайды. Ішіндегі ең әулеттісі – Қарағаш ауылы. Мұнда 218 отбасы тұрады, тұрғындардың саны - 740. Төрт дүкен, дәмхана, қоғамдық монша, фельдшерлік-акушерлік пункт, мешіт жұмыс істейді. Осында орналасқан «Астық-СТЕМ» ЖШС 175 адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Ауыл тұрғыны Берік Салықбаев өңір басшысына жерлерінен көптен бері мазалап жүрген тілегін жеткізді.

- Тұрмысымыз жақсы. Әр үйде қаладағыдай барлық жағдай жасалған. Көкшетау мен Қарағаштың арасын асфальт жол жалғастырады. Енді Тайыншаға дейін, яғни Краснокиев – Аймақ бағыты бойынша 15 шақырымға асфальт төселсе деген өтініш айтқалы отырмын, - деді.

Ардагер ұстаз Анатолий Горбовский ауылышilik 4,5 шақырым көшенің тозығы жеткенін, күрделі жөндеуді талап ететінін айтты. Сонымен қатар, 1982 жылы тартылған су құбырының әбден ескіргенін, оны жаңарту қажеттігі де айтылды. Құмар Іргебайұлы жыл аяғына дейін Қарағаш-Тайынша бағытындағы 15 шақырым жолдың 7 шақырымы асфальтталатынын, қалған қаржы келесі жылы игерілетінін, басқа мәселелер де шешімін табатынын жеткізді.

Облыс әкімі көкөніс сақтайтын қойманың жағдайымен және мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында салынып жатқан 600 сауын сиырға арналған тауарлы-сүт фермасының құрлысымен танысты.

Өңірде суармалы егістікті қолданып жүрген шаруашылықтардың бірі – «Астық-СТЕМ» серіктестігі. 2010 жылы агроқұрлымның небәрі 20 гектар ғана суармалы жері болса, қазір бір мың гектарға дейін ұлғайған.

- Құрғақшылық жылдары да тамшылатып суару арқылы көкөніс пен картоптан мол өнім алуға болады. Бұл әдісті жемшөп өндірісінде де пайдаланамыз. Нәтижесі жақсы, ең бастысы, мал азығы сапалы, шырынды, - деді сөзінде «Астық-СТЕМ» ЖШС-нің директоры Сергей Звольский.

380 гектар алқапқа отырғызылған картоптың шығымдылығы жоғары. 15 мың гектар алқапқа себілген бидай, сұлы, арпа, рапс, зығыр дақылдарының 80 пайыздан астамы толығымен қамбаға құйылып алынды. Кадр тапшылығын жою, жас мамандарды тұрақтандыру мақсатымен ауылда жаңа үйлер салынууда.

Гүл НҰРАЛИНА,  
«Тайынша таңы».

• 2 – қазан мемлекеттік кәсіптік-техникалық білім беру күні

# КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бүгінгі таңда жастардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына зор үлес қосып отырған білім ошақтарының бірі - Тайынша агробизнес колледжі. Қай кезде де, қай қоғамда да оқу мен тәрбиенің егіз болатыны бұлжымас қағида, ал ел ертеңі жастар дейтін болсақ, олардың кемел болмысын қалыптастыру ұстаздар міндетіне айналған абыройлы іс деп түйіндесек, бұл орайда колледжде уақыт пен заман талабына сай көптеген жұмыстар жүзеге асырылуда. Білім ордасының тарихы 1959 жылдан бастау алады. Бүгінгі таңда бұл оқу орны аудандағы ауыл шаруашылығы үшін кадрлар даярлайтын бірден-бір базалық білім ордасы. Жарты ғасыр бойы осы мектептің қабырғасында мыңдаған түлектер үлкен өмірге жолдама алды.

Колледж студенттері жыл сайын «Үздік мамандық иесі» байқауына қатысады. Жұмысшы мамандықтарына назар аудару және жоғары кәсіби стандарттарды дамыту үшін жағдай жасау «WorldSkills» Чемпионаты болып табылады, оны «Жұмысшыларға арналған олимпиада» деп те аталады.

2016 жылдан бастап колледж «Құрғақ құрылыс және гипс-қатырма табақ жұмыстары», «Тас қалау», «Дәнекерлеу ісі», «Аспаз ісі», «Ауыл шаруашылығы машиналарының слесарь - жөндеушісі» құзыреттілігі бойынша «WorldSkillsKazakhstan» өңірлік чемпионатына белсенді қатысты.

Студенттердің экологиялық мәдениетін тәрбиелеу бойынша колледждің «Экос» экологиялық командасы жұмыс жасайды. Колледж ұжымы жаңа буынның жоғары білікті мамандарын даярлауда айтарлықтай жетістіктерге жету үшін, аянбай еңбек атқаруда. Міне, білім ошағында еңбек атқаратын ұстаздарымыздың бірі- Қайрат Қанғожаұлы Шаяхметов. Ол өз ісінің маманы. Ол «ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша арнайы тәртібінің оқытушысы, бірінші санатты, білікті ұстаз. Құрылысшы - инженер мамандығын 1993 жылы бұрынғы Ақмола инженерлік институтында оқып алған маманның еңбек өтілі 30 жылға жақындап қалды. Жыл сайын өз білімін жетілдіруді де ұмытпайды. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру процесін академиялық дербестікті еске ала отырып модельдеу» атты курстен өтіп біліктілігін арттырған да осы маман ұстаз Қ.Қ. Шаяхметов. Ұжымда беделді, оң қолынан өнері тамған шебер ұстазды білім алушы студенттер де қатты құрметтейді. Өзінің білгенін алдындағы білім алушыларға үйретуден ол да ешқашан жалықпайды. Ұлағатты Ұстаз! Биік белестерден көріне беріңіз! Мерекеңізбен!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»



# «ҚАРЛЫҒАШ ҚАНАТ ҚАҚСА-АЛЫСҚА ҰШАДЫ»...



Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десе ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тайынша қаласындағы «Қарлығаш» балабақшасы мектепке дейінгі мекемесі 17 жылдан бері жас ұрпаққа тәрбие мен білім беріп келеді. Балабақша қызметкерлері ынтымағы жарасып, бір отбасындай тату-тәтті еңбек етеді. Барлығы бір отбасы мүшелеріндей әрқашан бірін-бірі қолдап, қуаныштарына бірге қуанып, қиыншылықтарды бірге жеңіп, балаларға қамқорлық танытады.

Ұжымымыздың көшбасшысы өз ісінің нағыз кәсіби шебері – Бурдыга Ольга Станиславовна. Балабақша меңгерушісі ретінде өзінің сырт келбетінен бастап, жұмысты ұйымдастыруына дейін бәріне үлгі бола біледі. Бірнеше жылдық жұмыс өтілі, терең білімі, сарқылмас күші мен балаларға деген махаббаты Ольга Станиславовнаға жұмысында жоғары жетістіктерге жетуіне себепші болып, ұжым тарапынан зор құрметке ие болды.

Әдіскер Абжанова Гүлнар Зағидоллақызы меңгерушіден үлгі алып, балабақша педагогикалық ұжымының жұмысын сауатты да шығармашылық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыра біледі. Өзінің күлімдеген жүзімен және қолдау сөзімен балабақшадағы барлық жанға жылулық сыйлайды. Осындай татулығы жарасқан ұжымда еңбек етудің өзі бақыт емес пе!

Сондай-ақ балабақшада айналасынан тек қана әсемдікті көретін бірегей педагог бар. Музыка залының рәсімделу эстетикасы, ерекше ұйымдастырылған іс-шаралар, үлкен сахналарға лайықты ән орындаулар музыка жетекшісі Лопата Антонина Леонидовнаның еңбегі. Өзінің көпжылдық еңбек тәжірибесімен Антонина Леонидовна балаларды өнер әлеміне жетелейді. Бір іс-шараға қатысқан көрермендер келесі мерекені тағатсыздана күтеді. Туа біткен дарыны, теориялық және практикалық тәжірибесі, әсем дауысы мен қарапайымдылығымен балаларды өзіне тарта түседі әрі жас ұстазға үлгі десе болады.

Балабақшаны күлкімен, ойынмен көңіліңді көтеретін дене шынықтыру жаттықтырушысы Чил-Оглы Наталья Викторовна-сыз елестету мүмкін емес. Оны барлық балалар жақсы көреді. Қайталанбас және қызықты жаттығулары, ақпараттық жаңа

технологияларды қолдануы, түрлі жапсырмалар түріндегі ынталандыру сыйлықтары баланы тәрбиелеуде білім мен дағдылардың игеруін білдіреді.

Балаларға мемлекеттік тілді үйрету – оңай жұмыс емес, ол аса маңызды еңбек. Ташетова Шынар Жамшитқызы қазақ тілі пәнінің мұғалімі, өз еңбегінің нәтижелерін аудандық, облыстық деңгейде көрсетіп жүрген мықты маман. Оған аса үлкен жауапкершілік жүктелген, себебі, балабақшаға келген балалардың барлығы бірдей жақсы сөйлеп келмейді. Алайда, Шынар Жамшитқызының жұмысының нәтижелері көп күттірмейді, балалар қазақ тілін күнделікті өмірде қолдана алады.

Сондай-ақ ауыз-екі сөйлеу дағдыларын дамытумен логопед Гончарова Елена Владимировна балалармен жұмыс жасайды. Тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жасап, шеберлігін шыңдаған педагогті балалар мен қатар ата-аналар да жақсы көреді. Өзінің жұмысын Елена Владимировна мектепте де жалғастырады, сондықтан балалар балабақшадан тыс жерде өзінің таныс адамын көргеніне екі есе қуанады.

Балабақшамызда балаларға тәрбие беруде аса зор еңбек атқарып келе жатқан тәрбиешілеріміздің еңбегін ерекше атап өткен жөн. Әр тәрбиеші кем дегенде 15-20 жыл қызмет атқарған. Олар: Ахмерова Зайра Айтмағамбетқызы, Құздыбаева Айгүл Еркенқызы, Махмеджанова Динара Талғатқызы. Балаларымыздың екінші анасына айналған бұл жандарға айтар алғыс ерекше. Шәріпова Санитай Батырбекқызы, Шокенова Жұлдыз Сәрсенбайқызы, Емец Татьяна Владимировна жас маман болмаса да, аға әріптестерінің тәжірибелерін қайталап, үйренуді жалғатыруда. Ұжымда жас маман да бар – Блаженец Дарья Юрьевна. Келгеніне көп болмаса да жас ұстаз балалардың сүйікті ұстазына айналды.

Біздің балабақшада кездейсоқ адам жоқ, әрбір ұстаз өзінше бірегей, барлығының мақсаты бір – лайықты азаматты тәрбиелеу. Балалармен жұмыс жасау-үлкен бақыт. Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бүлдіршіндеріміз балабақшаға бар ынтасымен, қуанышты көңілмен келсе, мақсатымыздың орындалғаны.....

Аманжол НҰРТАЗИН,  
тілші.

## «БІЗДІҢ ОРТАМЫЗДАҒЫ- КӨШБАСШЫ»



Мен жұмыс істейтін «Қарағаш орта мектебі» КММ аудан ішінде аралас мектеп болып саналады. Ұстаздар мерекесі қарсаңында өзімің ұстазым, зейнеткер, әріптесім Гарбовский Анатолий Станиславович туралы жазғым келді. Кез келген ұжымда өзінің артынан әріптестерін ерте алатын, ақыл-кеңес беретін әріптес болады, сол кісіден өзім сабақ оқып, бірге еңбек етіп, талай басшылар ауысып жатқанда, сол кезде байқағаным шебер ұйымдастырушы екенін, жақсы қасиеттерін көріп жүрдім.

Көшбасшы-өз жұмысының білгір маманы, топпен жұмыс істей алатын, жанындағы әріптестерінің пікірімен санаса білетін, үлкен жауапкершілігі бар, ізденімпаз, өнегелі, жан-жақты, әр саладан хабары бар, төзе білетін, қойған мақсатқа жетпес бұрын, нәтижені қандай болатынын елестететін, ақылды, қайырымды, жанашыр, шыншыл, мейірімді, кеңпейілді, әдепті, шешен, салмақты, өзін көрсете білетін, әріптестеріне сенімділік әрі күш-қуат беретін, бойындағы сабырлық қасиетін қалыптастыратын жан, менің ұжымымда осындай адам бар-ол-Гарбовский Анатолий Станиславович, алғашқы әскери дайындық мұғалімі және денешынықтыру пәнінен сабақ береді. СҚМУ ҚДБАИ бітірген, еңбек өтілі қырық жылдай, бірінші санатты ұстаз. Көптеген жетістікке жеткен ұстаз; Облыстың білім беру жүйесін дамытуға зор үлес қосқаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталды, 2019 ж. «Нұр Отан» партиясынан Алғыс 2019 ж., «Туристік слетте» бірінші орын алған грамотасы, «Медаль «Еңбек ардагері», «Медаль «Почетный работник Республики Казахстан» тағы көптеген марапаттарға иеленді.

Біріншіден: Анатолий Станиславович батыл, жағымды және маңызды қасиеттерді өзінің бойына сіңіре алған, өмір жолында тәжірибені мол жинаған тұлға.

Екіншіден: әріптестер, жастар, оқушылар, ата-аналар алдында беделді. Алдына қойған мақсатына жетуге деген құштарлығы мол адам. Ол алдына үлкен мақсаттар қойып, оған жетіп, өзгелерге үлгі бола білетін жан. Анатолий Станиславович әрқашан білімін кез келген жерде көрсете алады. «Өнегесі жақсы өрге ерлейді» деген қазақ халқы. Менің ойымша жақсы қарым-қатынас орната білетін, білімдерін тарата білетін осы барлық қасиет, осы әріптесімде бар. Мектепте әкімшілік тобына кіреді, сондықтан ол мектеп өкілі жұмысын бағыттай алады, басқарады және бақылайды және мүдделі адамдарды тартады. Қоғамдық іс-шараларда, мектептен тыс шараларда, сап түзеуде, сол кісіден үлгі аламыз, ақыл-кеңес сұраймыз. Биыл мектеп ауласын абаттандыруында көшбасшылық қасиетін көрсете білді. Қандай да тапсырма берсе мектеп директоры, ол өз идеяларын ұсынып, жандандырады биыл алма ағашын өз қолынан жасады. Ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық. Қиындығы, қызығы да көп, ең бастысы жауапкершілігі жоғары екені анық, шебер ұстаз үздіксіз ізденісте болып, қоғам сұранысына сай білімді, шығармашыл, өзін-өзі жетілдіретін адам, осы қасиеттің бәрі менің әріптесімде бар. Ол әріптестерімен ынтымақтастықта оқу ортасын құру, жүргізу, басқару және жоспарлауға үлес қосып, өзінің мүмкіндіктерін барынша жетілдіріп отырады. Жұмысқа қабілетті, қолынан іс келетін, бір нәрсені қадалды орындайды, ынтымақтастықта әрекет ететін, құндылықтарды ұстанатын іскер, тәуекелшіл, шығармашыл, көп оқыған, тез тіл табысатын. Әрқашан оқушыларға көмек көрсетіп, түсініктер беріп, басқалардың айтқан сын көзден өткізіп айтады, ұсыныс жасайды. Міне нағыз көшбасшы. Менің ойымша ұжымға тапсырылған қиын жұмысты орындай алады, өзінің қабілетін ашып, жауапкершілікті өз мойнына алып, жағдайды қолға алып, топты басқарады. Өзінің артынан адамдарды, жүргізе алады, әрқашан бәріне қол үшін береді, сенің қолыңнан келмей жатса, кеңес береді және қолдау көрсетеді. Біздің әріптестеріміз командадағы жұмысы сыныпта және мектепте не істеуге болатына және мұғалімдердің таланттарын қалай пайдалануға болатынына олардың көздерін ашты. Шешім қабылдау, мектеп әкімшілігі командалық басқару және шешім оқыту тәсілдерін енгізу ең маңызды мәселе болды. Жарын сыйлаған адам-оның әкесін де, шешесін де сыйлай біледі. Жұбайы Евгения Романовна сүйікті жар, мейірімді ана, менің әріптесім, 3 жылдан бастап зейнеткер. Қазіргі кезде екі баласы бар, ата, бақытты отбасы. Ол кісі туралы көп жетістіктерін жаза беруге болады, бірақ менің айтарым осындай адаммен бір мектепте істегеніме қуаныштымын деп айтқым келеді. Өзіміңіз ұстазым, әріптесім арамызда осындай көшбасшылар көп болсын, елің, жерің, Отаның, сүйетін. Мен ол кісіні мақтан тұтамын. Тілейтінім денсаулығы мықты болсын, отбасына амандық, шығармашылық, еңбекте биіктен көріне берсін...

Сандуғаш Оқасова,  
Қарағаш орта мектебі.

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ – АЯУЛЫ АНА!



Ұстаз – киелі де қастерлі ұғым. Ол – адамдардың өмірге деген құлшынысын арттыратын білім мен тәрбиенің қайнар көзі болып саналатын адамгершіліктің мызғымас күш қуаты. Өз ісіне берілген, ғибратты ғұмырының қымбат кездерін жас ұрпақты білім нәрімен сусында-тып жүрген Сапарова Зарина Болатқызы жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады.

Жастайынан білімге құштар бойжеткеннің мұғалім болу басты арманы еді. Ұлы арман жетегімен 2008 жылы Көкшетау университетінің Бастауыш сынып факультетін үздік аяқтап, Алабота орта мектебіне бастауыш сыныптары мұғалімі болып еңбек жолын бастайды. Мамандыққа деген адалдықтың жемісі болар аз уақыт ішінде жас маман мұғалімдік мамандықтың қырсырын жан-жақты игеріп, ұжым ортасында абыройлы қызмет атқарды. Нәтижелі жұмыстың жемісі болар ардақты ұстаз еңбек атқара жүріп осы жерде өз бақытын табады. Жолдасы Самат Рхметоллаұлымен шаңырақ құрады. Отбасының жағдайымен қатар, жұмысты да бірге ала жүріп еңбек атқарып келе жатқан ұстаздың еңбек өтілі 17 жыл. Тәжірибелі ұстаздың қайсар мінезі,

қызметіне деген адалдығы, ұқыптылығы жасөспірімдер үшін үлгі-өнеге боларлық. Ол ұстаз ғана емес, отбасында балапандарына тәлім-тәрбие беріп отырған ардақты да, аяулы ана. Қастерлі де, қасиетті ұғым ұстаздық мамандықтың тізгінін ұстап, үлгілі білім ошағында жас шәкірттерге бағыт бағдар беріп жүрген Зарина Болатқызының ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары. Мектептегі кез-келген мерекелік іс-шаралар өте жоғары деңгейде өтеді. Жүрген ортасында абыройлы, әсіресе бастауыш сынып оқушылары үнемі жанынан табылады. Жас келсе, іске! - дегендей жұмысқа келген күннен бастап ұстаздық еңбек жолында өзін жан-жақты байқатып жүрген ұстазға айтарымыз - жұмысына табыс, білім саласында бағындырар белесі биік болсын. Кәсіби мереке, Ұстаздар күні мерекеніңіз құтты болсын, ардақты ұстаз, аяулы ана!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



**ҚҰРМЕТТІ ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ!**

Тайынша аудандық ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерін, ардагер ұстаздар мен зейнеткерлерді – 1 қазан Ардагерлер күнімен құттықтаймыз! Ардагерлер ұйымы тарихи-мәдени құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау барысында ауқымды жұмыстар атқаруда. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің жыл сайынғы мерейлі мерекесі кезінде соғыс және тыл ардагерлері жеңіс мерекесін бірлесе атқаруды дәстүрге айналдырған. Ардагерлер жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, азаматтық қоғамның артықшылықтарына дәріптеу, ауданның қоғамдық-саяси өміріне араласу сияқты істерде нақты көрініс тауып келеді. Құрметті ардагерлер, Зейнеткерлер! Сіздерді қазан айындағы ерекше жақсы көретін мерекелеріңізбен құттықтаймын! Сіздерге мықты денсаулық пен өмірлеріңізге сәттілік тілеймін. «Ардагерлер – қоғамның алтын қоры» деп білеміз! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Нина ПОПОВА,

аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы.

**ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

**«Адамзат баласы саналы өмір кешіп, не бір қиын белестерден өткеннен кейін өзінің жүріп өткен жолын оймен саралайтын кездері болады. Ондай кезең әркімнің де басынан өтері анық. Ал, қарияларымыздың өмірден көрген-білгені, кейбір өмір белестері кейінгі жастарға үлгі, өнеге!»**

Отбасында аулуы ана, немерелері үшін ардақты әже, ағайын-туыстың ақылшы қариясы ЕСҚАҚОВА САПИЯ ОРАЛҚЫЗЫ 1927 жылдың 24 қыркүйегінде Бұрабай өңірінде Қарабауыр ауылында дүниеге келген. Біреуге дана, біреуге пана асыл әжеміз Қарабауыр ауылында 6 жасында әкесінен жетім қалып, өмірдің ащы дәмін ерте татты. Балалық шағы ауыр қара жұмыспен өтті. Бірақ қайсар мінезді әжеміз еңбекке ерте араласып, адамды адам ететін еңбек екенін түсіне білді. Еңбекте әрқашан алда жүрді. 1944 жылы 16 жасында Аймақ ауылына келін болды. Балғажа атамызбен 50 жыл бақытты өмір кешті. Әжеміз сол қиын жылдары көптеген жұмыстарды ешіб қиналмастан ерлермен қатар жүріп атқарғанына елі күә. Ер адамның да жұмыстарын атқарды. Шөп жинады, бидай тасыды. Үкімет те осы еңбегін бағалап, 1949 жылы асыл әжеміз аудан депутаты болып сайланды. Әжеміз 11 құрсақ көтерген Ана. Бүгінде балаларының қызығын көріп, немере-шөберенің ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Балалары әр салада қызмет атқарады, немерелері де бір-бір мамандық иелері. 24 қыркүйек күні қымбатты, ардақты әжеміз 95 жасқа толды. Әжемізге тілейтіміз зор денсаулық, мол бақыт. Ұрпақтарының ортасында бақытты болып жүре берсін. Әжемізге ұзақ ғұмыр тілейміз!

Нариман ТАСЫМОВ,

Амандық ауылдық округі әкімінің м.а

**ҰСТАЗ – КЕЛЕР КҮННІҢ ҰСТАСЫ**

Ұстаздық барлық мамандықтың ұлы бастамасы. Қандай маман болмасын ең алдымен ұстаздан білім алады. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» деп қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев айтқандай, қай заманда болмасын ұстазды ерекше құрметтеген.

Құрметті ұстаздар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз! «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылдау қажет екенін тілге тиек етіп, мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастыру керектігі қоғамда ашық айтылып жүр. Ұстаз – келер күннің ұстасы. Ұрпағымыздың ертең қандай адам болып өсетіні – мұғалімдердің бүгінгі еңбегінің жемісі болмақ. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұовтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс. Тәуелсіз қазақ елінің дамуына қосып келе жатқан еңбектеріңіз үшін, баршаңызға шексіз алғысымызды білдіреміз! Отбастарыңызға амандық, сіздерге мықты денсаулық, қызығы мен қиындығы мол еңбек жолында шығармашылық табыстар тілейміз!

Гүлнар ИГІБАЕВА,

аудандық білім бөлімінің басшысы.

Айнұр БЕЙСЕНБАЕВА,

білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.

**Құрметті оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің студенттері!**

Баршамыз үшін маңызды, адам қызметінің барлық салалары үшін білікті кадрларды даярлаудың маңыздылығын еске салатын-кәсіби-техникалық білім күні құтты болсын! Баршамызға еңбек жолында жаңа жетістіктерге жетуге, шын жүректен даналық пен қуаныш, сәттілік, мейірімділік, шыдамдылық, денсаулық пен амандық тілейміз! Кәсіптік білім беру-заман талабы. Өмір жолын жаңа бастаған жастардың белгілі бір мамандық иесі атануы үшін игілікті іс атқарып жүрген ұстаздар қауымы, сіздерге шығармашылық табыс, алға қойған мақсаттарыңыз орындала берсін!

Ізгі тілекпен: **Агробизнес колледжінің директоры Д. Е. Ташетов.**

Кәсіподақ комитетінің төрайымы : **Г. Х. Асрандина.**

**Құрметті Тайынша агробизнес колледжінің ардагерлері!**

Халықаралық қарттар күнімен және кәсіби-техникалық білім күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың біз үшін орны бөлек. Себебі, әрқайсыларыңыздың көпжылдық жанқиярлық еңбегіңіз ерен. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Бүгін, еңбектеріңіздің зейнетін көріп отырған шақта да Сіздер ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емессіздер.

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан жылуы мен бақыт тілейміз!

Әрқашан жаныңызда сүйікті және қамқор балалар, немерелер, достар болсын!

Ізгі ниетпен «Тайынша агробизнес колледжі» КММ.

**Құрметті Ұстаздар!**

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінгі таңда білім мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазір әрбір оқушы өз отбасының үміті болса, ертең ол Қазақстанның үміті екендігі ақиқат. Атқарған қызметтеріңіз бен кәсіптеріңізге деген адалдықтың үшін алғыс білдіреміз! Біздің келешегіміз – өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қосқан еңбектеріңізге нұр жаусын! Алдарыңыздан түлеп ұшқан шәкірттеріңіз мықты маман, өнегелі де өнерлі, рухани бай азаматтар болып ер жетсін! Шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен құттықтаймыз! Сіздерге мықты денсаулық, бақыт пен береке тілейміз. Сіздерге ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға жылылық пен игілік тілеймін. Сенім, үміт, қажымас қайрат әрқашан сіздермен бірге болсын. Мерекеміз құтты болсын, әріптестер!

К.З. Жарқынбаева,

№5 орта мектебінің директоры және кәсіподақ ұйымы.

**ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР, ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР!**

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағытбағдар беруде ұстаздың еңбегі зор екенін сіздер өз өмір жолдарыңызда дәлелдедіңіздер. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»,- демекші, ұстаздық мәртебелі мамандық десек жалған айтпаған боламыз. Себебі хан да, қарапайым адам да мұғалім мектебінен өтіп, өмірге жолдама алады. Сол еңбек жолдарыңызда шынымен де қаншама адамға білім, тәрбие бердіңіздер, қаншама ел азаматтарына өмірлік жолдама беріп, қиындықтарға төзе білуге баулыдыңыздар. Баршаңызды төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сырттай қарапайым болғанымен, тарихтағы ұлы істі атқарғандарыңыз үшін, сіздерге мың алғыс! Мәртебелеріңіз асқақтап, абыройларыңыз арта берсін! Отбасыларыңызға амандық, толағай табыс, зор денсаулық тілейміз! Еліміздің ертеңі нұрлы, аспаны ашық болсын!

Гүлнар ИГІБАЕВА,

аудандық білім бөлімінің басшысы.

Айнұр БЕЙСЕНБАЕВА,

білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.

**ҰСТАЗДАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

Міне, жадырап жаз өтіп, алтын күз де келіп жетті. Табиғаттың осы бір жыл мезгілін әркім-ақ сыңғырлаған жез қоңырау үнімен, мектептегі мұғалімдер мен оқушылардың қарбалас, сағыныс табысқан қуанышты сәттерімен елестетеді. Күз айының алғашқы күндерімен қатарлас келетін Мұғалімдер күні ерекше мереке. Мектеп қабырғасынан әлдеқашан алыстап кетсе де, бойында жылуы бар әрбір парасатты азамат білім теңізіне жетелеген ұстаздары мен балалық шағының талай қызықты күндеріне куә болған алтын ұя – мектебін әрдайым үлкен сағынышпен, құрметпен еске алып отырады. Ұстаз бақыты – шәкірт құрметі.

Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. “Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің” дегендей өнегелі

ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор екенін біз, ата-аналар жақсы түсінеміз. Сондықтан да Ұстаз әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына ерекше құрметпен айтарымыз: Кәсіби мерекелеріңіз, Ұстаздар күні құтты болсын! Сіздерге шығармашылық табыс, зор денсаулық, шыдамдылық, абырой тілейміз!

2022-2023 оқу жылының 11а сыныбы оқушыларының ата-аналары.

**МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АРДАГЕРЛЕР!**

Теңдік орта мектебінің ұжымы келе жатқан ұстаздар мерекесіне байланысты мектебіміздің ардагер ұстаздарын шын жүректен құттықтайды. Сіздер мектепте саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор үлес қосып, аянбай еңбек атқарып, тер төктіңіздер. Өмірлеріңіздің тең жартысын өз баларыңызды емес, өзгенің балаларына сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолына арнадыңыздар. Ұстаздық жолдарыңыз кейінгі жас мамандарға үлгі болып, алдарына мықты мақсат қоя білуіне жол ашты. Сіздердей ардагер ұстаздарының болғанына мектеп ұжымы мен шәкірттеріңіз әрдайым мақтанып жүреміз. Ардагер ұстаздарымыздың отбасына амандық, мықты денсаулық тілей отырып балалары мен немере-шөберелеріңіз қызық қуанышын көріп жүре беріңіздер деген ақ тілегімізді білдіреміз. Сіздердің білім саласындағы орасан зор еңбектеріңізге мың алғыс! Ұстаздар мерекесі құтты болсын!

Теңдік орта мектебінің ұстаздар ұжымы.



## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

|                                                                                                                                                                      |         |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| 1. «СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                        | 22-9-81 |
| 2. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ                                                                                                      | 21-4-70 |
| 3. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ                                                                                                       | 22-6-97 |
| 4. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ                                                                          | 79-0-47 |
| 5. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ                                                                                                           | 23-4-18 |
| 6. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ                                                                       |         |
| 7. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» КММ | 23-6-31 |
| 8. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ                                                                                                  | 22-5-37 |
| 9. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ                                                                                                           | 23-5-09 |
| 10. «Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                      | 21-7-45 |
| 11. «Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                   | 76-7-85 |
| 12. «Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                   | 75-1-97 |
| 13. «Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                | 42-6-71 |
| 14. «Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                    | 32-5-25 |
| 15. «Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                | 74-2-35 |
| 16. «Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                 | 55-3-33 |
| 17. «Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                    | 77-3-73 |
| 18. «Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                     | 51-2-03 |
| 19. «Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                               | 32-1-48 |
| 20. «Летовочное ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                | 54-2-17 |
| 21. «Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                 | 52-3-10 |
| 22. «Роцинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                   | 79-0-22 |
| 23. «Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                    | 53-7-48 |
| 24. «Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                 | 42-0-01 |
| 25. «Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                 | 77-1-18 |
| 26. «Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                 | 38-2-40 |
| 27. «Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                    | 70-2-75 |
| 28. «Яснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                 | 73-3-94 |
| 28. «Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ                                                                                                                           | 22-8-05 |

бұл телефондар арқылы мемлекеттік қызметкерлердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Этика Кодексін бұзуы және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасау фактілері туралы хабарлауға болады.

СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ [www.tsh.sko.gov.kz](http://www.tsh.sko.gov.kz)

## 2022 жылғы қазанда аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

| № р/с | Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны                                                                               | Қабылдау күні |
|-------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
| 1     | Ерлан Сапарбекұлы Алпысов — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы                                                   | 5 қазан       |
| 2     | Николай Николаевич Трифонов — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКом-мунСервис» ЖШС-нің директоры                                            | 3 қазан       |
| 3     | Батес Латиф — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның директордың медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары | 7 қазан       |
| 4     | Бауыржан Маратұлы Мергасимов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы                                                                | 10 қазан      |
| 5     | Диана Еслямбекқызы Ысқақова — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы                                 | 12 қазан      |
| 6     | Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы                                                 | 13 қазан      |
| 7     | Данияр Келденбекұлы Жақыпов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері                                                    | 14 қазан      |
| 8     | Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры                                                  | 17 қазан      |
| 9     | Александр Владимирович Кершис — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы                                                                    | 19 қазан      |
| 10    | Гүлнұр Өмірбайқызы Батаева — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданының білім бөлімінің әдіскері                                           | 21 қазан      |
| 11    | Айгүл Ботақызы Мұхаметғалиева — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры                            | 26 қазан      |
| 12    | Виктор Иванович Рудницкий — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тахтаброд-ТМ» ЖШС-нің бас директоры                                                  | 28 қазан      |
| 13    | Руслан Елшібайұлы Егінбаев — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры                                                     | 31 қазан      |

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 3 «А», «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.  
Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.  
Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «AMANAT» партиясының аудандық филиалы — 22047.

## 2022 жылдың IV тоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімімен, оның орынбасарларымен және аппарат басшысымен жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

| Мемлекеттік органның атауы                                        | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә. | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты                | Мемлекеттік органның орналасқан жері          | Байланыс телефон |
|-------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-----------------------------------------------|------------------|
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ | Әлжанов Берік Ақылжанұлы                          | Аудан әкімі                                         | әр айдың бірінші, үшінші сейсенбісі 10.00-12.00 сағ | Тайынша қ. Қазақстан Конституциясы көшесі 197 | 2-16-65          |
|                                                                   | Әміренов Асан Амангелдіұлы                        | Аудан әкімінің орынбасары                           | әр айдың әр сәрсенбісі 10.00-13.00 сағ              |                                               | 2-27-47          |
|                                                                   | Дюсембин Еркебұлан Ерболұлы                       | Аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы         | әр айдың әр дүйсенбісі 10.00-13.00 сағ              |                                               | 2-29-81          |
|                                                                   | Бәтенова Гүлбаршын Қахарманқызы                   | Аудан әкімінің орынбасары                           | әр айдың әр бейсенбісі 10.00-13.00 сағ              |                                               | 2-14-86          |
|                                                                   | Абулғазинаова Бақыт Бегайқызы                     | Аудан әкімі аппаратының басшысы                     | әр айдың әр жұма 10.00-13.00 сағ                    |                                               | 2-27-00          |

Ескертпе: қабылдауға алдын ала жазылу 8 (71536)22-3-42 телефоны бойынша жүзеге асырылады

## Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Тайынша қаласы мен ауылдық округтердің әкімдерінің 2022 жылдың IV тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

| Мемлекеттік органның атауы                                                                   | Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.              | Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы   | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты                                 | Мемлекеттік органның орналасқан орны                                         | Байланыс телефоны |
|----------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ        | Досмұқанов Бейбіт Сырымбетұлы                                | Абай ауылдық округінің әкімі                        | Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Карағаш а.                         | 76-7-85           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ     | Қалиақпаров Ертай Өтепұлы                                    | Алабота ауылдық округінің әкімі                     | Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00-13.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Аққудық а.                         | 75-1-97           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ     | Тасымов Нариман Қорқытбайұлы                                 | Амандық ауылдық округінің әкімі                     | Сейсенбі, бейсенбі 16.00-18.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық а.                         | 43-6-68           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ  | Жүсіпов Талғат Абзалұлы                                      | Большеизюм ауылдық округінің әкімі                  | Дүйсенбі, Сәрсенбі 10.00-13.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большой Изюм а.                    | 32-5-25           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ      | Кахабаев Мұрат Мұхамбетқалиұлы                               | Донецк ауылдық округінің әкімі                      | Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00-13.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецкое а.                        | 74-2-35           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ  | Әжіғұлов Жұлдыз Асылбекұлы                                   | Драгомиров ауылдық округінің әкімі                  | Дүйсенбі 10.00-13.00 сағ<br>Жұма 09.00-13.00 сағ                     | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомировка а.                    | 55-3-33           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ   | Мұстаханов Нұрлан Сәрсенғалиұлы                              | Зеленогай ауылдық округінің әкімі                   | Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленый Гай а.                     | 77-3-73           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ      | Илиясов Досымжан Сұлтанбекұлы                                | Келлер ауылдық округінің әкімі                      | Дүйсенбі, сейсенбі 10.00-18.30 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлеровка а.                      | 79-0-87           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ       | Көпербаев Рыспек Әлібекұлы                                   | Кирово ауылдық округінің әкімі                      | Сейсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ                                       | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Кирово а.                          | 32-3-13           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ | Жомартов Талғат Базарбайұлы                                  | Краснополян ауылдық округінің әкімі                 | Дүйсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ                                       | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Красная Поляна а.                  | 54-2-17           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ  | Руденко Дмитрий Владимирович                                 | Летовочный ауылдық округінің әкімі                  | Сейсенбі, бейсенбі 15.00-18.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочное а.                      | 52-3-10           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ   | Ысқақов Кемел Оралбайұлы                                     | Мироновка ауылдық округінің әкімі                   | Сейсенбі, бейсенбі 10.00-12.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка а.                       | 79-0-22           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Роцинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ     | Ғалиев Абылайхан Файзрахманұлы                               | Роцинск ауылдық округінің әкімі                     | Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00-12.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Роцинское а.                       | 53-7-48           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ      | Қасқұлақов Ержан Қайыржанұлы                                 | Теңдік ауылдық округінің әкімі                      | Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік а.                          | 42-0-01           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ   | Бәкіров Ерлан Михашұлы                                       | Тихоокеан ауылдық округінің әкімі                   | Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеанское а.                   | 77-1-88           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ   | Жетібаев Әскер Шайхислямұлы                                  | Чермошнян ауылдық округінің әкімі                   | Сәрсембі, жұма 09.00-13.00 сағ                                       | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнянка а.                     | 38-4-60           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ      | Сәдуақасов Сәкен Төкенұлы                                    | Чкалов ауылдық округінің әкімі                      | Дүйсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ                                       | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалово а.                         | 70-2-75           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Яснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ   | Темірбаев Ермұқан Нұрмұқанұлы                                | Яснополян ауылдық округінің әкімі                   | Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ                                   | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Ясная Поляна а.                    | 73-3-94           |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ             | Шпаковский Валерий Анатольевич<br>Бөкенов Жаслан Баймұратұлы | Тайынша қаласының әкімі<br>Қала әкімінің орынбасары | Дүйсенбі, жұма 14.30-18.00 сағ<br>Сейсенбі, бейсенбі 14.30-18.00 сағ | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральный бұрылысы, 2 | 22-6-05 22-8-05   |

## Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы жергілікті атқарушы органдары басшыларының 2022 жылдың IV тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

| Мемлекеттік органның атауы                                                                                                                                        | Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.              | Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан орны                                                                           | Байланыс телефоны                                                                          |                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ                                                                               | Хамзина Айгүл Ермекбайқызы                                   | Бөлім басшысы                                     | Бейсенбі 10.00-13.00 сағ             | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206                     | 21-4-70                                                                                    |                    |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ                                                                                | Бура Андрей Николаевич                                       | Бөлім басшысы                                     | Жұма 10.00-13.00 сағ 14.30-16.30 сағ | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206                     | 22-1-85                                                                                    |                    |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ                                                   | Нероба Ольга Густавовна бос орын                             | Бөлім басшысы                                     | Бөлім басшысының орынбасары          | Дүйсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ<br>Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ.                                          | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі 203  | 21-0-22<br>79-0-47 |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ                                                                                    | Голубь Наталья Викторовна                                    | Бөлім басшысы                                     |                                      | Дүйсенбі 10.00-13.00 сағ<br>сәрсенбі 10.00-12.00 сағ                                                           | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206 | 23-4-18            |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ                                                     | Сағындықова Гүлмира Бәкібайқызы                              | Бөлім басшысы                                     |                                      | Дүйсенбі 14.00-18.00 сағ                                                                                       | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Пролетар көшесі, 193                | 23-7-94            |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» КММ | Темірбеков Берік Алғалиұлы                                   | Бөлім басшысы                                     |                                      | Бейсенбі 16.00-18.00 сағ                                                                                       | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Астана көшесі, 176                  | 22-5-37            |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ                                                                           | Сәрсембаев Бекболат Әкімбайұлы<br>Жәкенова Айнагүл Сағатқызы | Бөлім басшысы<br>Бөлім басшысының орынбасары      |                                      | Сейсенбі 09.00-13.00 сағ<br>Сәрсенбі 14.00-18.00 сағ<br>Сейсенбі 14.00-18.00 сағ.<br>Сәрсенбі 09.00-13.00 сағ. | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 2             | 23-5-09<br>21-6-43 |
| «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ                                                                                    | Сабырова Гүлмира Сатыбалдықызы                               | Бөлім басшысы                                     |                                      | Сәрсенбі 10.00-18.00 сағ                                                                                       | Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральный бұрылысы, 2               | 73-0-43            |



## САТЫП АЛУ - ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2022 жылғы 1 шілдеден бастап «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 Заңына түзетулер қолданысқа енгізілді. Өзгерістер әкімшілік кедергілерді төмендетуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, жеткізушілердің жауапкершілігін арттыруға және мемлекеттік сатып алу арқылы мемлекет алатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған.

Мәселен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту шеңберінде рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс түрінде сатып алудың жаңа тәсілі енгізілді (құрылыс-монтаждау жұмыстарын және жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстарды сатып алу бойынша қолданылатын болады), сатып алудың осы тәсілі өнім берушіні таңдау процесіне конкурстық комиссияның қатысуын толық болдырмауды көздейді, мемлекеттік сатып алудың жеңімпазын веб-портал автоматты түрде айқындайтын болады. Сондай-ақ, сатып алуды жетілдіру шеңберінде негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, сондай-ақ электрондық дүкен арқылы конкурс түрінде сатып алудың жаңа тәсілдері енгізілді.

Бұдан басқа, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті жүзеге асыратын камералдық бақылау жүргізу қағидаларына өзгерістер енгізілді. 2022.16.07. бастап қосымша келісімдер қорытындыларының заңдылығына камералдық бақылау енгізілді, сондай-ақ конкурс/аукцион

тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары сатысын-да камералдық бақылау жүргізу тәсілі өзгертілді (әлеуетті өнім берушілерден шағымдар келіп түскен сатып алулар ғана тексеруге жатады).

Енгізілген түзетулер бюджет қаражатының оңтайлы жұмсалыуына қазірдің өзінде оң әсерін тигізіп жатқанын атап өту қажет.

Осылайша, Департамент қосымша келісімдер жасасудың негізділігіне камералдық бақылау барысында негізсіз шарт сомасын ұлғайтуға байланысты бұзу фактілерін анықтады, олардың уақытылы жолы кесілді және сәйкестікке келтірілді.

Департамент камералдық бақылау барысында онлайн-режимде мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтардың, оның ішінде бұзушылықтарды бастапқы кезеңде жоя отырып тұрақты негізде жолын кеседі, бұл мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыларға әкімшілік жүктемесіз және айыппұл санкцияларының қателерді өз бетінше түзетуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау нәтижелері бойынша қабылданып жатқан шаралар хабарландыру жарияланған сәттен бастап мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың бұзылуын болдырмауға мүмкіндік беретіні сөзсіз, әлеуетті өнім берушілер арасында дұрыс бәсекелестікке ықпал етеді, бұл өз кезегінде бюджет ақшасын оңтайлы жұмсауға және оларды уақытылы игеруге әсер етеді.

СҚО бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті.



## БАҒАЛАУ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік басқарудың маңызды механизмі болып табылады. Бұл салада мыңдаған азаматтар жұмыс істейді, олардың қызметі қоғам мүддесі үшін тиімді және жоғары кәсіби болуы керек. Мемлекеттің, қызметкерлердің беделі және мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігі мемлекеттік құрылымдардағы персоналды басқаруының жүзеге асырылуына байланысты.

Осы мақсатқа жету үшін мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалауды қоса алғанда, әртүрлі әдістер мен рәсімдер қолданылуы мүмкін.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына, Үлгілік әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар Уәкілетті органмен бекітілген үлгілік әдістемесі негізінде «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін әзірлейді және бекітеді.

Бағалаудың мақсаты мемлекеттік қызметшілердің жұмысы тиімділігін және сапасын анықтау болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау жыл соңында жүргізіледі.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалауға барлық мемлекеттік қызметшілер жатады, бірақ нақты лауазымда орналасу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда, сондай-ақ сынақ мерзімін өткеру кезеңінде бағалау өткізілмейді. Бағалау екі бөлек бағыт бойынша жүзеге асырылады: қызметкердің жеке жұмыс жоспар-

ларында көзделген нысаналы мақсатты индикаторларға (НМИ) қол жеткізуді бағалау; «Б» корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметшілердің жұмыс жоспарларында көрсетілген НМИ мемлекеттік органның стратегиялық жоспарларына немесе «Б» корпусы қызметшілері қызметінің ерекшеліктерінің көрсеткіштеріне (технологиялық жұмыстарды қоспағанда) сәйкес келеді, оған қол жеткізу олардың қызметінің тиімділігін көрсетеді.

Бағалаудың нәтижелері төрт деңгейге бөлінеді: өте жақсы, тиімді, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз.

Мониторинг қорытындысы бойынша соңғы, 2021 ж. Солтүстік Қазақстан облысының 3273 мемлекеттік әкімшілік қызметкері бағалаудан өтті. Оның ішінде қызметкерлердің 68,3%-ы немесе 2236 адам «тиімді», «өте жақсы» деген бағаға – 876 (26,8%), «қанағаттанарлық» деген баға алған 156 қызметкер немесе 4,8%, қанағаттанарлықсыз – 5 немесе 0,2% қызметкер.

Бағалау нәтижелері жоғарылатуға, ротациялауға, мемлекеттік қызметтегі лауазымын төмендетуге немесе жұмыстан босатуға үстемеақы төлеу туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады. Құзыреттерді бағалау нәтижелері «Б» корпусы қызметшісінде қажетті құзыреттерді дамыту туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметшілер жұмысының тиімділігі мен сапасын бағалаудың қолданыстағы процестерін

жетілдіру мәселесі пісіп-жетілді. Бұған, басқалармен қатар, қызметкер атқаратын функциялардың ауқымын, жауапкершілігі мен күрделілігін ескере отырып, еңбекақы төлеу жүйесін құруға мүмкіндік беретін факторлық-балдық шкалаға негізделген мемлекеттік органдарда енгізілген жаңа еңбекақы төлеу жүйесі ықпал етеді. Бағалау әдістерін өзгерту үшін әзірленетін тәсілдер «360 градус» әдісін қолдануды қамтиды, мұнда кері байланысты қызметкермен тікелей әрекеттесетін әріптестер береді.

Мемлекеттік басқарудың тиімділігі кез келген мемлекеттің дамуының және азаматтардың өмір сүру сапасын арттырудың негізгі факторы болып табылады, бұл «Тыңдаушы мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру талаптарының бірі болып табылады қолданыстағы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: «адамға бағдарланған» модельді құру – «Бірінші кезекте халық» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығымен бекітілген. Тұжырымдама қазіргі уақытта мемлекеттік басқарудың жаңа қағидаларын белгілейтін мемлекеттік саладағы стратегиялық құжат болып табылады.

Жалпы алғанда, бұл тәсіл мемлекеттік қызметшілер үшін лайықты төлем деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған және халықаралық озық тәжірибені ескере отырып, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға ықпал етеді.

Гүлнар Сүйіндікова, ҚР МҚІА СҚО бас маманы.



• Сайлау – 2022

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Тайынша таңы» газетінің редакциясы 2022 жылғы 16 қазанға тағайындалған Большеизюм ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі сайлауға қатысу үшін тіркелген кандидаттарға сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін баспасөз бетінен орын берудің шарттары, көлемі мен тәртібін хабардар етеді.

### БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫ ҮШІН ОРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

Редакцияның баспа материалдарына орын белгілеу «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады. Баспа материалдары үшін орын белгілеу кандидаттарға үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы редакциямен жасалатын жазбаша келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Келісімшарттың және оған тиесілі құжаттардың үлгісі жоғарыда аталған жазбаша өтінішті беру кезінде көрсетіледі. Баспа беттерінде орын белгілеу туралы редакциямен келісімшартқа кандидаттың (сенім білдірген адамның) қол қоюы кандидаттың (сенім білдірген адамның) сайлауалды үгіт жүргізуге қатысты редакцияның қызметін пайдалануға келісім беруі болып

табылады. Келісімшарт жасасу үшін кандидат, партиялық тізімін ұсынатын саяси партия редакцияға мынадай ақпараттар көрсетілген жазбаша өтініш білдіреді:

- жазбаша өтінішті тіркеу нөмірі, күні мен уақыты;
- кандидаттың (партиялық тізім ұсынған саяси партияның атауы) аты-жөні, кандидаттың, жазбаша өтініш берген сенім білдірген адамның аты-жөні;
- жазбаша өтініш берген адамның өкілеттілігін растайтын құжат: кандидаттың (сенім білдірген адамның) жеке куәлігі, кандидаттың (сенім білдірген адамның) уәкілетті мемлекеттік орган берген куәлігі немесе заңнамаға сәйкес өзге құжаты;
- сайлау округі (саяси партия);
- баспа материалдары орнының көлемі және оны беру мезгілі, үгіт баспа материалдарының түрі көрсетілген жазбаша өтініштің мазмұны;
- кандидаттың немесе сенім білдірген адамның қолы.

Үгіт баспа материалдары редакцияға жарық көруге 5 (бес) жұмыс күні қалғанда беріледі. Баспа материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын

бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық алауыздықты өршіту, қатыгездік пен зорлық-зомбылық, сондай-ақ заңнамада көрсетілген әскери құрамалар құру идеяларын ұсынған жағдайда редакция оларды жариялаудан бас тартуға құқығы бар.

### МАТЕРИАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІ, АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2022 жылғы 16 қазанға белгіленген Большеизюм ауылдық округі әкімін сайлауға қатысу үшін тіркелген кандидаттарға сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа материалдарына ақы төлеу мөлшері – «Тайынша таңы» газетінде 1 (бір) шаршы сантиметріне – 120 (жүз жиырма) теңге. Баспа материалдарына ақы төлеудің сомасы алдын ала 100 пайыздық ақысын төлей отырып, тиісті сайлау қоры аударуы керек. Алдын ала төлеу редакция берген шот негізінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу баспа материалдары үшін орын бөлу туралы тиісті келісімшартта немесе шотта көрсетілген редакцияның банктік реквизиттеріне сәйкес атқарылады.

Гүл НҰРАЛИНА, «Тайынша-Таңы» ЖШС директоры.

## Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2021 жылға аудит қорытындысы

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде және 19 ведомстволық бағынысты мекемелерде 2021 жылдағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізілді, нәтижесінде 3996,2 млн. теңге сомасына бұзушылықтар анықталды.

Осылайша, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ ведомстволық бағынысты мекемелері қаржылық есептіліктің, бухгалтерлік есептің анықтығын, негізділігін бағалау мәселесі бойынша аудиторлық іс-шаралармен жалпы сомасы 3 223,4 млн. теңгеге бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде бұзушылықтарға жол берді, оның ішінде 2 977,1 млн. теңге қаржылық есептіліктің шынайылығына елеулі әсер етті және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізу барысында аудит сәйкестендірілген.

Бұдан басқа, «Уәлиханов ауданының білім бөлімі» КММ қарсы тексеру жүргізу кезінде 3 қызметкердің карт-шотына 1,2 млн. теңге сомасына артық аударылған ақшалай қаражат анықталды, олар тексеру барысында бюджетке өтелді. Сондай-ақ, 333,4 млн. теңге сомасына еңбек демалыстар бойынша резервтің артық есептелген сомасы және бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алуға жататын негізсіз есептен шығарылған активтер есепке алу бойынша қалпына келтірілді.

Аудит нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит объектілеріне бұзушылықтарды жоюға және лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тартуға нұсқамалар жіберілді. Департамент облыс әкімінің атына 2021 жылғы қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері туралы ақпарат жіберді.



## ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Құрметті аға буын өкілдері, Сіздерді Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздің даналығыңыз бен баға жетпес өмірлік тәжірибеңіз жастарға бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге, қазіргі қоғамдағы прогрессивті қатынастарды құру кезінде жауапкершілік пен адамгершілік сезімдерін тәрбиелеуге көмектеседі. Сіздердің табандылығыңыз, шыдамдылығыңыз және қажырлы еңбегіңіз үшін алғыс сөздерін қабыл алыңыздар. Осы айдың 1 күні «Қарзина» және «Арзан» дүкендерінде зейнеткерлерге Краевский ЖК-і атынан тегін нан беріледі. 1-10 қазан күндері қаладағы автобустар бағыттарында тегін жүруге болады. «Мир красоты»-1 қазан, «Идеал»-1 қазан, «Имидж»- 6 қазан, «Мон салон» -3 қазан күні шаштараз салондары сіздерге шаш қиюға тегін қызмет көрсетеді. 3 қазан күні сіздер аудандық Мәдениет үйінде мерекелік іс-шараны тамашалай аласыздар! Мерекелеріңіз құтты болсын. Кеңілдеріңіз көтеріңкі, денсаулықтарыңыз мықты болсын!

Ардагерлер кеңесінің ұйымдастыру комитеті.



# МҰРАҒАТТАР – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЗЫНАСЫ



**Мұрағат немесе Архив – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекет арнаулы мекеме. Мекемелердің ескі құжаттарын сақтайтын бөлімі немесе жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған жәдігерлер жиынтығы да архив делінеді.**

Осы бағытта тарихқа жүгінетін болсақ, жазба деректерді жинастырып сақтау ісі тұңғыш рет Мысырда, Қытайда, Ежелгі Грекияда, Римде, тағы басқа елдерде мемлекеттік дәрежеде қолға алынды. Қазақстанда дербес архивтің пайда болуы Бөкей ордасы архивімен байланысты (18 ғасыр). Қазақстандағы архив жүйесі негізінен 20-ғасырдың 20–30-жылдары қалыптасты. Ұлттық архив ісінің бастауында А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев сынды мәдениет қайраткерлері тұрды. КСРО дәуірінде архив социализмді дәріптеудің идеологиялық құралы болды. Республикадағы барлық құжаттар айналымының 10%-ға жуығы коммунистік құндылықтар тұрғысынан мұқият сұрыпталып, мемлекет сақтауға – архивке жинақталды. Құжаттардың біржақты іріктелуінің салдарынан Қазақстанның шынайы тарихын бейнелейтін аса бағалы деректер архивке түспей, біржола жойылып отырды. Ал архив қорындағы құжаттардың басым бөлігі түрлі жасанды шектеулер қою арқылы зерттеушілерге берілмеді. Қазіргі архивтерде дәстүрлі қағаз құжаттардың түпнұсқаларымен және көшірмелерімен қатар фото-киноматериалдар, дыбыстық және бейнежазбалар, ақпараттың барлық жәдігерлер түрлері сақталады.

Архивтерде мәңгілік мерзімге сақталып, қорғалатын тарихи деректер – мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайы, экономика, саяси-идеология қатынастары туралы құжаттар Ұлттық байлықтың бір бөлігі болып табылады.

Осындай тарихи құндылықтардың мекені біздің Тайынша ауданында да бар. Негізі сонау өткен ғасырдан бастау алған бұл жұмыс орны бүгінгі таңда өз жұмысын жалғастыруда. Кез келген уақытта барып, мұрағатшылардан кеңес алуға, өзіңізге қажетті деген құжаттарыңызды бауып алуға барлық жағдай жасалған. Тіпті шетел асып кеткен жерлестеріміз де хабарласып, өздеріне қажетті құжаттар немесе мәліметтер жайында хабарласып тұрады екен. Жалпы мекеменің атқаратын қызметтері, әрине, жас ұрпаққа қызықты. Сонымен қатар, жас жеткіншектер мектепте алған білімдерімен қатар, бұл жерден де тарихи мағлұматтар алады. Қыркүйек айының 21 жұлдызында осы Тайынша аудандық мұрағатында «Архив және болашақ ұрпақ» жобасы аясында Ашық есік күні өтті. Мектеп оқушылары үшін бәрі қызық, сөрелердегі құжаттар мен әр жылдарды бейнелеген суреттер ерекше әсер қалдырды деген ойдамыз. Осы мекемеде 34 жыл еңбек атқарған Т.В.Солуня мен 24 жыл еңбек өтілі бар Т.Браун жиналған оқушыларға сол өздері еңбек атқарған жылдардағы еңбек жолдарын, кездескен қиындықтар мен қызықты уақиғаларды әңгімелеп берді. Бұл мамандықтың қиындығымен қатар, қызықты жақтарын да айтып, кәсіптік бағдар берді.

## БІЛІКТІ БАСШЫ-МЕКТЕП МЕРЕЙІ



Ұстаз деген сөз - қашанда қадірлі, қасиетті саналады. Небір данышпан да, қарапайым еңбек адамы да осы ұстаз алдынан өтеді. Яғни, осындай білімді оқушылар мен білікті ұстаздардың ортақ үйі, ол әрине, білім мен ғылымның қасиетті қара шаңырағы саналатын мектеп. Осынау бір үлкен ұжымның басын біріктіріп, өз жұмысын жоғары деңгейде атқарып отыра білетін жан - мектеп басшысы. Басшы - өмірлік тәжірибесі мол, кез келген ортада өзінің білгір ісін көрсетіп, алғырлығы мен біліктілігіне өзгенің сенімін ұялата алатын тұлға. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі қоғамды ертең алға сүйрейтін озық ойлы адам және жаңашыл педагог мамандарды тәрбиелеуші, өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялаушы.

Еліміздегі ертеңгі тізгін ұстар, Отанын ғаламдық дамудың көшінен қалдырмай өрге шығарар азамат тәрбиелеу ұстаздарға жүктелген аса маңызды да жауапты міндет. Осы жауапты міндеттің уәдесінен табылып, жаңа заманның ауыр жүгін қайыспай көтере білген ұстаз, ғалым, басшылар - мектеп директорлары қаншама! Жас та болса, бас болып, жасынан білімге құштар болып, өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын жандар арамызда баршылық. Сондай ұстаздарымыздың бірі, ұлағатты ұстаз, білікті басшы - Роза Базарбайқызы Жомартова. Ол үнемі ізденіске толы өмір жолында қарапайым мұғалімдіктен жаңа тұрпатты мектеп басшысына дейінгі өнегелі баспалдақтардан өтті. Жастайынан білімге құштар қарапайым қазақ қызының осы мамандыққа деген жүрек қалауы, өнегесі анасынан болса керек, өйткені ол жасынан анасының еңбек жолын, оның шығармашылық қасиеттері мен ұстаздық жолын көріп өсті. Айта кету керек, анасы Сатиева Майдаш Мұхаметқалиқызы - оқу ағарту ісінің үздігі, тәжірибелі ұстаз. Роза Базарбайқызының ана жолын қуған ұстаз болуының сыры осында болса керек. Алғашқыда колледжде білім алып, кейін жоғарғы оқу орнында оқыған біздің бүгінгі кейіпкеріміз бүгінгі таңда Новоприречное негізгі мектебінде басшылықта. Өзі еңбек атқарған жылдардан жақсы нәтижелер де жоқ емес. Ұстаздың жоғары марапаттары да аз емес, бірақ ол өз еңбегінің ең жоғары бағасы - оқытқан, білім берген шәкірттерінде екенін мақтанышпен айтады. Асемгүл Жұмбабаева - психолог, Қуандық Жарқын-полицияда, Қабанбай Ерқанат - ұшқыш, Абилямжидина Салтанат - полицияда, Мырзатай Айбақыт - зауыт инженері, Орынбай Ерқанат - полицияда, Өмірбай Айгүл - мұғалім және тағы да басқалары. Өңіріміздің бас газеті «Солтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы Ербақыт Амантайұлы мырзаның да осы ұстазымыздың шәкірті екенін, Роза Базарбайқызы ерекше мақтанышпен айтады. Құрметті ұстаз, білікті басшы! Кәсіби мерекеңіз құтты болсын! Сізге шығармашылық шабыт, шәкірттеріңіз биік белестерден көріне берсін!



# БАЛАДАН НЕМЕРЕ ЫСТЫҚ...



«Қарттарым – асыл қазынам» деген сөз бекер айтылмаған. Қазақ халқы тойшыл халық деп айтады, сол тойға барсақ төрдің басында қарт адамдар отырса, қандай жарасымды, тойдың, дастарханның сәні болып отырады. Мен өзім ата-әжемде тәрбиелендім. Мен оларды қатты жақсы көремін. «Баладан немере ыстық» дегендей оларда мені жақсы көреді. Сұрағанымның бәрін әпереді, тәттінің бәрін менің алдыма қояды. Демалыс кезінде ата-әжеме баруға асығып тұрамын. Мен оларды құрмет тұтамын. Қазіргі кезде қариялар азайып бара жатқандай көрінеді. Өйткені жастарға ақыл айтатын, дастарқанға бата беретін қарттарымыз азайды.

Немересін алдына отырғызып, ақылын айтатын, жыр-дастандарды жатқа айтып, аузының суын ағызып қызықты әңгімелер айтатын, үңіліп, сыр шертетін, үлкен-кішіге үлгі болып, өнегесін көрсететін, бұрыс жерде дұрыстап, дұрыс жерде қолпаштап жіберетін қазыналарымыз қайда кетті?!

«Батаменен ел көгерер» деген. Бата түгіл, бес намазын оқып, парызын орындап жүргендеріде шамалы. Адамдар арасындағы қарым – қатынаста адамгершілік, әдеп, инабат үрдістерінің қаншалықты кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен олардың жекелеген отбасында өркен жаюына яғни баланың ата – анасын жан – жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап инабат тағылымымен үлкендерге деген қарым – қатынастарында бұлжытпай орындауына байланысты. Қарттарды құрметтейтін олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтамен орындамайтын әдептілік, кішіпейілділік сергек сезімталдық көрсетпейтін бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не не қайыр? Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата – анасын ардақ тұтып өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Өз отбасынан жылу таппаған қаншама қарттарымыз қарттар үйлерінде өмірлерін жалғастыруда.

Ұрпағы құрметтеген ата – ана әр кезде де бақытты. Осының себебі неде? Ол дегеніміз баланың ержетіп, есейгеннен соң перзенттік парызын өтей алмауында. Бұл үлкен күнә болып саналады. 9 ай бойы көтеріп, жарық дүниеге әкелген баласынан мұндайды күтпеген ата-ана еріксіз көзіне жас алып, баласының айтқанына көнеді. Көнбегенде ше, жас ұлғайып, күш-қуат азайып, баласының айтқанын тыңдайды. Ондай жастар уақыт өте келе өкінеді, өйткені ата-анаға қандай жамандық істесең, балалары ержеткенде соны оларға істейді. Сондықтан да әр нәрсені ойлап істеу керек. Ата-ананы сыйлау, құрметтеу ол біздің ең бірінші міндетіміз. «Анаңды Меккеге 3 рет арқалап барсаң да, қарызыңды өтей алмайсың» деген, осы сөздің астарына тереңдей түңілсек, мағынасы терең ұғым береді. Өйткені ата-анаға қандай жақсылық істесеңде, көптік етпейді. Қарттарды қадірлеп, сыйлау керек. Себебі ол кісілер бізге ақыл айтып, әрдайым қолдап жүреді. Сол кісілердің арқасында біз бақытты ғұмыр кешіп жүрміз.

Ол кісілер біздің ата-анамызға дүние есігін ашты. Біздің әрдайым қуанышты жүзімізді көріп, қуанады, барлық жағдайымызды жасайды. Қарт адамдар үйдің берекесі. Аллаға шүкір, қазір азғындықтан безген, оқу, ғылымды қуған, намазға жығылған, тұра жолды таңдаған жастар өсіп келеді. Осыларға қарап, тәубе дейсін! Болашақта қандай байлық, мансабым болды деп емес, қандай үлгі боларлық істер жасадым, қандай игі істер жасауды, қалай үлгі болуды, ел сыйлайтын азамат болудың қыр-сырын айтып, ақыл беріп, түзу жолға салып отырар ел сыйлайтын ақсақалдар, қазыналар өсер деп үміттенеміз.

Даналықтың алтын кілті - ата-бабаларымыз. Ата жолын жалғап келе жатқан бүгінгі күнгі ақсақал аталары-

мыз бен ақ жаулықты әжелеріміз. Ата-әжелеріміз туралы жүрек жарды ойымызбен бөлісіп отырсақ, қандай тамаша!

*Қария деген сөз елдің басы болу, ақылын айтар дана болу, ел төрінде құрметке бөлену, ас бергенде немерелерінің үлесін бөлер қамқоршысы. Шаңырақтың шаттығын сақтап, бірлігін бекем етуге ақылып айтар елі мен жерінің кеңесшісі. Қазақтың әр отбасында арқа тұтар ата-әжелері бар. Олардың әрбір айтқан гауһар тасқа бергісіз ақылдары жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне өте мол үлесін тигізеді.*

*Ата-әжесі бар үйдің балалары да өзгеден ерек, ортасындағы ерекшелігі қариялардың ыстық алақанынан дәм татып, жауһар сөздерін саналарына сіңіріп өскендігі білінеді. Ата дәстүр салтымыздан таймай, ескі ғұрыптармен немерелерін нағыз қазақтың салтын сақтар бабалардың жолыменен жүретін өр рухты қазақты тәрбиелеп өсіреді. Сондықтан да болар, қарты бар үйден қазахилықтың иісі ұрып тұрады.*

*«Қарты бар үй, қазыналы үй» деп бекер айтылма-са керек. Меніңде ата-әжем бар. Үйдің берекесі мен мерекесі, есігіміздің ажарын кіргізіп тұратын үйдің үлкендері бастаған әр қадамымызға дұрыс жол сілтеп, ата-бабамыздан қалған нақыл сөздермен сусындайтып отырады.*

*Ескінің көзін көрген аталарымыз мамандық алма-сада, өмірден көркен-білгенімен дәрігер де, мұғалім де, емші де. Әжемнің айтқан ақылдарына мән беріп қарасаң, айтқанын орындасаң байқайсың, дәлелденген дәрігерлік нұсқаулармен пара-пар. Әженің ақылымен-ақ емделіп құлан таза айығуға болады. Кейбір насихат әңгімелерін жер жүзін жеті рет айналып шықсаң да кезіктіре алмайсың.*

Қазіргі заманды техниканың заманы, ақпараттың заманы, даму, өркендеу деп жатамыз. Осы біз, күн өткен сайын білімдіміз, мықтымыз деп алып, қорғансыз қалған шағында қарияларымызды қарттар үйіне алып барып тоғыта саламыз. Кәне, біздің қазақтық, білімділік, ақша, мансап, байлық. Оның бірінің болғанынан не пайда, иненің жасуындай жүрегінде мейірімі болмаса. Ата-анасымен бірге ойнап-күліп бір дасархан басында емін-еркін әңгіме дүкен құрып, ақылын тыңдамағаннан соң несі байлық. Өмір сыйлап, осы күнге қаншама еңбекпен жаткізгенде, енді адам қылдым-ау дегенде, қызығын көрер шағында, жас баладай көзін жауаңдатып қарттар үйіне алып барып, еш шүміркіпестен тапсыра салады.

«Өзіне жақсы болады, жақсы қарайды» дейді. Бірақ қайдан ол қапаста ыңғайлы, тыныш өмір сүрсін. Кішкентай үйде болса да, ұлтарактай көрпеде отырса да, өз шаңырағында, өз балаларының ортасында отырып, титтей болса да, естіген жылы сөзіне ештеңе де жетпейді. Мемлекеттің қамқорлығы, бауыр еті баласының жымыған бір күлкісін, немерелерінің «аталаған» былдырының орнын баса алмайды ғой!

Көкірек көзі ашық, қазақ бауырларым! Қазақтықтан танбай, ата-анамызды қадірлей білейік. Қазақта «Сиырға түскен күн, бұзауға да түседі» дейді. Еш болмағанда ертеңімізді ойлайық. Әр қазақтың баласы ата-анасынан безінетін болса, келешегіміз бұлыңғыр болмақ. Үлгілі отбасылардың өнегесін алып, өсіп-өнген ел мақтанар, қызыға қарар әулет болуға талпынайық.

**Олжабай ШҰҒЫЛА,**  
газет оқырманы.



# КЕЛІН БОЛСАҢ АУЫЛҒА...

Бұл - қыздар қауымы үшін қиынға соғатын нағыз дилемма. Әсіресе, ата-анасы ауылда тұратын жігіттердің бас қатыратын сауалдарының бірі. Негізінен арулардың біршамасы жағдайға қарамастан ауылға келін болып, тұрудан бас тартпайды. Ал енді бірі ауылдың тұрмыс-тіршілігінің ауырлығынан сескенеді. Тіпті, кейбірі мардымды себебін білмесе де ауылдан қашады. Осы тұста белсенді жастардың ойын білу мақсатында «Сіз ауылға келін боласыз ба?» деген сауал қойып, пікірлерін сұрап білген едік.

**Диана НҰРҚАЙДАРОВА,**  
Торайғыров университетінің студенті:

- Шынымды айтсам, ауылға келін болғым келмейді. Қазіргі кезде ұялы байланыс пен интернет, жарық, су, газ жоқ ауылдар сирек. Республикамыздағы кез келген елді мекендегі ауыл тұрғындарының жағдайы жақсы. Ауыссу да үйге тартылған. Десе де, таңдау болса, әрине қаланы таңдаймын. «Ауылда тұруға не кедергі» десеңіз, менің қалада өсуім шығар. Ата-анам да, өзім де қалада туғанбыз. Сондықтан да болар, ауылға келін болу туралы ойланбаған екенмін. Қандай да бір уақыт аралығында тұрып көруге мүмкін, келісім берермін. Қазіргі таңда филология мамандығы бойынша білім алудамын. Ауылға барған жағдайда әрі кетсе мектепке мұғалім болып жұмыс істеуге мүмкіндігім бар. Ал мен болашақ өмірімді тек осы саламен елестетпеймін. Жеке кәсіп ашу жоспарымда бар. Барлығымыздың туыс-туған-дарымыз ауылда тұратындықтан, қаланың азаматына тұрмысқа шығып, жақындарыма тек қыдырып барар едім.



**Шолпан АЛДАНЫШ,**  
Павлодар педагогикалық университетінің студенті:

- Егер де ауылға тұрмысқа шықсам, бұл маған ешқандай қиындық тудырмайды. Өйткені, мен де ауылдың қызымын. Үйдің барлық шаруаларының орындалуын, дұрыс не бұрысын анам жастайымнан үйреткен. Жалпы, өзім қаланың емес, ауылдың қарапайым жігітіне тұрмысқа шыққым келеді. Неге десеңіздер, олар тәрбие бесігінде тербеліп, ата-анасын құрметтей білетін, шаруаға пысық ұлдардың басым бөлігі - ауыл азаматтары. Мұны жоққа шығаруға бопас. Әрине, көпке топырақ шашпаймын. Десе де, ойым осы. Дипломды қолға алып, ауылдың мектебіне жұмысқа орналсам жақсы емес пе?! Жалпы, туған аймағына барып, балалар мен жастарға қолдау білдіріп, жаңа дүниелерді неге іске асырмасақ?! Сондықтан болашақта ауылға келін болуға және өмір сүруге қарсы емеспін. Керісінше өркениетті, дамыған елді мекен қатарына қосуға атсалысамын.

**Аружан ШАЙКЕНОВА,**  
Торайғыров университетінің студенті:

- Ауылға келін болуға қарсы емеспін. Себебі, өзім ұнатқан адаммен бірге қай жерге болмасын баруға, шалғай аймақта тұруға дайынмын. Әрине, кез келгеніміздің ішкі түйсігіміз қалада тұруды қалайды. Бастысы, бар өміріңді ауылда өткізбей, даму мен жетілуге, өзгеріске ұмтылуды орынды деп есептеймін. Әлдебіреулер мұны жай ғана сөз ретінде қабылдауы мүмкін, ерік өзімізде ғой. Бүгінгі ауылдар кешегідей емес, дамыған. Жол бар, интернет орнатылған, тіпті кәсіп ашуына болады. Дипломмен бір мекемеге жұмысқа орналасасың. Келіндік қызметпен мұны қатар алып жүруге болады. Бұрындары «Ауылға келін болмаймын», «Ауылда не қызық бар» деп жиі ойлайтын едім. Ал қазіргі арман мен мақсат, көзқарас басқа арнаға бұрылды. Бастысы, қай жерде тұрсақ та, бақытты болуымды бірінші кезекке қоямын.



## Қазақстан Республикасының Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы  
21 қыркүйектегі № 1019 Жарлығы

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының  
ХАБАРЛАМАСЫ

2022 жылғы 23 қыркүйекте аудандық сайлау комиссиясының отырысы өтті, онда «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 1019 жарлығымен 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары қаралды және бекітілді, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына дайындық кезеңіндегі аудандық сайлау комиссиясы мүшелерінің жұмыс тәртібі бекітілді.

Тағы да басқа мәселелер қаралды. Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша сәйкес қаулылар қабылданды.

**Аудандық сайлау комиссиясы**

**Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында және республикалық баспасөзде жариялануға тиіс Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы**  
Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2022 жылдың 20 қарашасына тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.
4. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін уақытында жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.
5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев.**

**Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
2022 жылғы 22 қыркүйектегі №65/538 қаулысымен бекітілген**

**2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған**

**Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын  
әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың  
КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ**

1. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттарды ұсыну.

Республикалық қоғамдық бірлестіктердің жоғары органдары Сайлау тағайындалған күннен кейінгі күні – **2022 жылғы 23 қыркүйекте** басталады және **11 қазанда** жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады.

(55-б., 66-1б.)

2. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 2, 3-тармақтарында, 41-бабы 2-тармағында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау. Орталық сайлау комиссиясы.

Республикалық қоғамдық бірлестіктің жоғары органы отырысының кандидатты ұсыну туралы хаттамасынан үзінді көшірмені кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен және кандидаттың сайлау жарнасын енгізгенін куәландыратын құжатпен бірге ұсынылған кезден бастап **бес күннің ішінде**.

(54-б.)

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында аумақтық сайлау комиссияларының құрамдарын жариялау. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сайлау комиссиялары.

Сайлау тағайындалғаннан кейін **он күннен кешіктірмей - 2022 жылғы 2 қазаннан кешіктірмей.**

(13-б. 4-т.)

4. Бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау учаскелерінің шекараларын, учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарын жариялау. Тиісті әкімдер. Аудандық, қалалық сайлау комиссиялары. Сайлау тағайындалғаннан кейін **он бес күннен кешіктірмей – 2022 жылғы 7 қазаннан кешіктірмей.**

(17-б. 2-т., 23-б.5-т.)

5. Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу. Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша. Ұсыным келіп түскен сәттен басталып, дауыс беретін күнге **бес күн қалғанда – 2022 жылғы 14 қарашада** жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады.

(20-2-б. 2-т., 3-т., 4-т.)

6. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және әрқайсысына тиісті куәлік беру. Аумақтық сайлау комиссиялары. Сенім білдірілген адамдардың тізімдері тіркеу үшін берілген сәттен бастап.

(14-б. 2-1) т.)

7. Қол қою парақтарын беру. Орталық сайлау комиссиясы. Кандидаттың Қазақстан Республикасының Конституциясында және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін **бес күн мерзімнен кешіктірмей.**

(56-б. 3-т.)

8. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидатты қолдап қойылған қолдардың растығын паспорт қызметінің қызметкерлерін қатыстыра отырып тексеру және Орталық сайлау комиссиясына жіберілетін тиісті хаттаманы ресімдеу. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Республика астанасының сайлау комиссиялары. Уәкілетті мемлекеттік органдар. Қол қою парақтары тапсырылған күннен бастап **он күн мерзімнің ішінде.**

(56-б. 7-т.)

9. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша активтері мен міндеттемелері туралы декларация тапсыру. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы). Кандидат тіркелгенге дейін.

(59-б. 2-т.)

10. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттарды тіркеу.

Орталық сайлау комиссиясы.

Кандидаттар барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін басталады және **2022 жылғы 21 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде** аяқталады.

(59-б. 1-т., 4-т., 5-т., 66-1-б.)

11. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Орталық сайлау комиссиясы. Кандидаттар тіркелгеннен кейінгі **жетінші күннен кешік-тірмей.**

(59-б. 7-т. 1) т.)

12. Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттардың сайлау қорларының арнаулы уақытша шоттарын ашу. Орталық сайлау комиссиясы. Кандидат тіркелгеннен кейін.

(34-б. 6-т.)

13. Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы) жариялаған активтері мен міндеттемелері туралы төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді хабарлауы және жариялауы әрі оларды Орталық сайлау комиссиясына беруі.

(59-б. 2-т.)

14. Тиісті бұқаралық ақпарат құралдарының тіркелген Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттарға эфирден және баспасөз бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді хабарлауы және жариялауы әрі оларды Орталық сайлау комиссиясына беруі. Бұқаралық ақпарат құралдары. **Сайлау алдындағы үгітті жүргізу басталғанға дейінгі бес күннен кешіктірмей – 2022 жылғы 16 қазаннан кешіктірмей.**

(28-б. 3-т.)

15. Барлық кандидаттарға үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарақтандыру. Жергілікті атқарушы органдар және тиісті аумақтық сайлау комиссиялары.

**Сайлау тағайындалған сәттен бастап 2022 жылғы 21 қазанға дейін.**

(28-б. 6-т.)

16. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу. **Тіркеу мерзімі аяқталған кезден 2022 жылғы 21 қазанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде** басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (**2022 жылғы 19 қарашада сағат нөлде аяқталады**).

(27-б. 2-т., 66-1-б.)

17. Бөлінген үй-жайда кандидаттардың сайлаушылармен кездесулерінің кестесін жасау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру. Жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары.

Аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлау алдындағы үгітке дайындық барысында және сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде.

(28-б. 4-т.)

18. Әрбір сайлау учаскесі бойынша тиісті әкім қол қойған сайлаушылар тізімдерін акт бойынша тиісті сайлау комиссиясына ұсыну. Тиісті әкімдер. Дауыс беретін күнге **жиырма күн қалғанда – 2022 жылғы 30 қазанда**

(24-б., 5-т.)

19. Сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну. Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беретін күнге **он бес күн қалғанда – 2022 жылғы 4 қарашадан кешіктірмей.**

(26-б. 1-т.)

20. Жекелеген сайлау учаскелерінде, қажет болған жағдайда, дауыс беруді бастау мен аяқтаудың өзге уақытын белгілеу және ол туралы шешімді сайлаушыларға жеткізу. Аумақтық сайлау комиссиялары.

(38-б. 1-т.)

21. Дауыс беру уақыты мен орны туралы сайлаушыларды хабар-дар ету.

Учаскелік сайлау комиссиялары.

Дауыс беру өткізілетін күнге дейін **он күннен кешіктірмей – 2022 жылғы 9 қарашадан кешіктірмей.**

(38-б. 2-т.)

22. Сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу.

Аумақтық сайлау комиссиялары. Сайлауға дейінгі үш күннен ерте емес және кемінде бір күн бұрын – **2022 жылғы 17 қарашадан ерте емес және 19 қарашадан кешіктірмей.**

(37-б. 3-т.)

23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттаманы жасау.

Учаскелік сайлау комиссиялары.

Дауыс беру басталардан бір сағат бұрын.

(40-б. 1-т.)

24. Дауыс беруді өткізу.

Учаскелік сайлау комиссиялары.

Сайлау күні, **2022 жылғы 20 қарашада**, егер дауыс берудің өзге уақыты белгіленбесе, **жергілікті уақыт бойынша 07-00-ден 20-00 сағатқа дейін.**

(38-б. 1-т.)

25. Дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы жасау.

Учаскелік сайлау комиссиялары.

**2022 жылғы 20 қарашада**, егер дауыс беру уақыты өзгермесе, жергілікті уақыт бойынша **жиырма сағатта** басталады және дауыстарды санау басталғаннан кейін **он екі сағаттан асырмай** жүргізіледі.

(43-б.)

26. Хаттаманың көшірмесін жалпыжұрттың танысуы үшін сайлау учаскесінің үй-жайындағы арнайы белгіленген орынға ілу.

Учаскелік сайлау комиссиялары.

Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – **дерету.**

(43-б. 8-т.)

27. Сайлау учаскесінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы тиісті аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссияларына тапсыру.

Учаскелік сайлау комиссиялары.

Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – **дерету.**

(18-б. 8) т., 43-б.)

28. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссияларының дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттамаларды облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сайлау комиссияларына тапсыруы.

Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары.

Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – **дерету.**

(62-б. 1-т.)

29. Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сайлау комиссияларының дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттамаларды Орталық сайлау комиссиясына тапсыруы.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының сайлау комиссиялары.

Хаттама жасалған күннен бастап **екі күннен аспайтын мерзім ішінде – 2022 жылғы 22 қарашадан кешіктірмей** жолданады.

(62-б. 1-т.)

30. Қазақстан Республикасы Президенті сайлауының қорытындыларын анықтау.

Орталық сайлау комиссиясы.

Сайлау өткізілгеннен кейін жеті күн мерзімнен кешіктірмей – 2022 жылғы 27 қарашадан кешіктірмей.

(12-б. 10) т., 44-б. 1-т., 3-т., 65-б. 1-т.)

31. Сайланған Қазақстан Республикасының Президентін тіркеу. Орталық сайлау комиссиясы. Сайлау өткізілген күннен бастап **жеті күн мерзім ішінде – 2022 жылғы 27 қарашадан кешіктірмей.**

(45-б., 66-б. 1-т.)

32. Қазақстан Республикасының Президентін сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Орталық сайлау комиссиясы.

Сайлау өткізілген күннен бастап **он күннен кешіктірмей – 2022 жылғы 30 қарашадан кешіктірмей.**

(12-б. 10) т., 44-б. 4-т. 1) т.)

33. Кандидаттардың сайлау қорларына түскен ақшаның жалпы сомасы және оның көздері туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Орталық сайлау комиссиясы.

Сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін он күн ішінде.

(34-б. 4-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

Сайлау-2022 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленді.

**Солтүстік Қазақстан облыстық Тайынша ауданы аумақтық сайлау комиссияларының құрамы және орналасқан жері туралы  
ХАБАРЛАМА**

| № р/б                                                 | Аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері                                                                                           | Телефон, факс                   | Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
